БЕКІТЕМІН
Абай атындағы мәдени-демалыс кешені директоры
_____А Кулбаев
«___»_____2025ж.

Қала тұрғындарына арналған «Жеті саз» атты мерекелік концерт

Ақтау қаласы,
2025 жыл.

«GJ» Мектебінің есеп беру концерттің сценарийі

(Сахнада актер шеберлігі сабағының қатысушы оқушылары телефон қарап хаус болып жүреді.Сахна сыртынан жүргізуші шығады)

Жүргізуші:- Міне қазіргі жастар қауымы осылай ұялы телефонға құмар мен өзім жаспын иә мен де осылай кішкентай балақайлар секілді басымды алмай таң атысы кеш батысымен сол ұялы телефонда отыратын едім. Бір күні менің анам мені бір мектепке алып барды. Өнер әлеміне ең алғаш қадам басқан күнім. Анама алғысым шексіз себебі менің өмірдегі өз орнымды табуға,алдыма мақсат қойып арманыма жетуге жол ашып берді. Жалпы адам баласының өмірдегі өз орнын табуы оның ішіндегі өнерге деген жолға қадам басуы тікелей ата ананың қолдауына байланысты, себебі ата анамыз біздің өнерге деген жолымызды ашып өнерге деген махаббатымызды түсініп қолдайтын болса,әрбір бала арманына жетіп өзінің қалаған жақсы көретін ісімен айналысады. Өнер ол теңіз секілді, егерде сен толқынға қарама қарсы жүзіп еңбекпен алға қарай ұмтылатын болсаң түптің түбінде бір жаға ға жетесің,және жемісін көресің. Сол үшн құрметті ата аналар балаларыңызды өнерге баулаңыздар себебі өнер құдыретті,адамның рухани жаңғыруына керемет ықпалын тигізеді. Балаларыңыздың арманына балта шаппаңыздар керсінше қолдау көрсетіңіздер, сол кезде ғана балаларыңыз керемет тұлға болып қалыптасады.Сонымен қатар өнер әлемін дамытып келе жатырған Өнер әлеміне өз үлесін қосып жүрген керемет мектеп бар. Гүлнара Жолдасбай атындағы өнер мектебі.Қазір бұл мектеп әлемімен де танысатын боламыз.

Жүргізуші- Балалар сендер не істеп тұрсыңдар Телефон көп қарауға болмайды. Білесіңдерме олар көзге көп зақым келтіреді және оның ішінде керек емес дүниелер көп. Мен сендерге оданда керемет бір ұсынысым бар. сендер жалпы өнер әлемінде болып көрдіңдерме?

Омар Сафия: - Жоок ағай бірақ барғымыз келеді

-Ендеше қазір телефонды қойып менімен бірге жүріндер мен сендерге өнер әлемімен таныстырамын келістік қой иә?

Оқушы балалар: -Иәәә

1.БИ

Балалар ортаға шығады

Сисенбай Зере: -Мәссаған Ағай не деген керемет бишілер менде осындай өскенде биші болғым келеді.

Жүргізуші: -Әрине боласың жалпы балалар Би — музыкалық ырғаққа сай дене қимылымен көрсетілетін өнер. Адамдардың күнделікті еңбек процесіндегі іс - әрекеттері, қоршаған дүниеден алған сезім - әсерлері. Би қимыл - қозғалыстары мен

ына негіз болған. Табиғат құбылыстарын, аңшылық және соғыс көріністерін жүйеге түскен ырғақты қимыл — бимен бейнелеу көне дәуірдегі өмір ынан туған

нбекұлы Дарын: -Ағай бұл мектепте тағы қандай үйірмелер бар?

Жүргізуші: -Балалар әлі көптеген керемет үйірмелер бар соның бірі Домбыра жүріңдер сендерге көрсетейін.

2.Домбыра

(GJ Актерлік шеберлік үйірмесінің оқушылары)

Есінбекұлы Заңғар: - Мәссаған ағай Домбыраның үні қандай керемет қазақта бір керемет сөз бар Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра сол себепті мен Домбыра үйірмесіне қатысамын деп шештім.

Жүргізуші: Өте дұрыс шешім

Жұмағұл Бақытжан: Иәә ағай тағы қандай үйірмелер бар? маған өте қызық болып бара жатыр

Жүргізуші: Жүріңдер әлі талай қызықтар көрсететін боламын.

3. Қобыз

(GJ Актерлік шеберлік үйірмесінің оқушылары)

Есінбекұлы Дарын: Қобыздың үні қандай керемет мен Қорқыт атамыз секілді қобызшы болғым келеді ағай.

Жүргізуші: әрине боласың балалар ары қарай аралағыларың келеме.

Махмуд Темірлан: Иәәәә әрине ағай өте қызық болып жатыр.

Жүргізуші:Ендеше кеттік

4.Гитара

(GJ Актерлік шеберлік үйірмесінің оқушылары)
Ғайса Әбілмансур: Ағай гитара үйірмесіне мен қатыссам боладыма? өскенде қыздарға арнап керемет ән шырқап отырғым келеді.
Жүргізуші:Әрине болады болашақта атағы озған керемет гитарист боласың.
5.Ән

(GJ Актерлік шеберлік үйірмесінің оқушылары)

Сисенбай Зере: Мәссаған ағай мен болсам әнші болғым келеді бұлбылдай сахнада керемет ән шырқап сайрағым келеді.

Жүргізуші: Әрине боласың аты шулы әнші боласың.Міне көрдіңдерме балалар ары қарай жалғастырайық иә.

Концерттік бағдарлама

1.
2.
3.
4.
5.
6.

Жүргізуші:Міне көрдіңдерме балалар өнер әлемі осындай

(GJ Актерлік шеберлік үйірмесінің оқушылары)

1.Сағынбай Нұрай:Өнер, білім - бәрі де оқуменен табылған
2.Атибаева Бибисара:Қаламгерлер мен өнер адамдары — халық айнасы.
3.Сисенбай Зере: Өнер — киелі нәрсе. Оның құлы болған кісі ешкімге бағынбайды.
4.Қатыбаева Дильназ: Ғылымсыз өмірдің мәні жоқ, өнерсіз өмірдің сәні жоқ.
5.Омар Сафия: Өнер туындысы дегеніміз — әлдебір шексіздік: оған бүкіл әлем сиып кетеді.
6.Адырбаева Жанар: Өнерлінің қолы алтын,Өлеңшінің сөз алтын.
7.Марат Аниса: Жұмыс қылып бой түзе.Өнер қуып ой түзе.
8.Есінбекұлы Заңғар: Анашым мені өнер әлеміне бергеніңіз үшін алғысым шексіз
9.Абыз Анар:Өнер мен үшін бір бөлек әлем
10.Қадырбай Мұхамбет: Біреудің бойынан кемшілік іздеме - өнер изде.
11.Қадырбай Абубакір: Бір өнер қылған екі кісіге тар жер - екі өнер қылған екі кісіге кең болады.
12.Ғайса Әбілмансур:Үлкен өнердің - үлкен, таза мінезі болуға керек.
13.Махмуд Темірлан:Көптен қалмау - көкке самғау емес. Әсіресе, өнерде
14.Жұмағұл Бақытжан: Өнер туындысы - өмірді түсінудің кілті.
15.Есінбекұлы Дарын:Өнер алды қызыл тіл
16.Ануарқызы Сая:Өнер біткеннің бәрі бірдей – бір адамның құшағына сыймайды

Жүргізуші:
Өнер – әр адамның бойындағы белгілі бір құдіретті күші секілді. Кейде асау өзендей арнасына сыймай сарқырап ақса, енді бірде бастау бұлақтай мөлдіреп қана алға жылжиды. Ал оның өзі қандай керемет дүние. Адамның бойындағы дарын, талант деген осы ғой, шіркін… Бірақ өнер ол тек қана белгілі бір аспапты игере білу дегенге шектеліп қалмау керек, өнер жан-жақты болад.

(Барлығы бірге)

Гүлнара Жолдасбай атындағы өнер мектебіне көп рақмет!